

ӘОЖ: 575.113

Original Article

## ҚАЗАҚСТАН ҚЫЗЫЛ КІТАБЫНА ЕНГІЗІЛГЕН СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН АЛЬБЕРТ ҚЫЗҒАЛДАҒЫНЫҢ ХЛОРОПЛАСТ ГЕНОМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түсіпқан Ділнұр<sup>1</sup>, Шевцов Владислав<sup>1</sup>, Рамазанова Малика<sup>1</sup>, Өркен Айсулу<sup>1</sup>, Рахимжанова Айжан<sup>1</sup>, Шевцов Александр<sup>1</sup>, Манабаева Шуга<sup>1,2</sup><sup>1</sup>Ұлттық биотехнология орталығы, 010000, Қазақстан, Астана қ., Қорғалжын т-ж. 13/5<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000, Қазақстан, Астана қ. Қ. Сатпаев к-сі, 2

\*manabayeva@biocenter.kz

## АБСТРАКТ

Альберт қызғалдағы (*Tulipa alberti*) Азия, Еуропа және Солтүстік Африкада сәндік мақсатта қолданылатын маңызды өсімдік түрі. Бұл зерттеуде Қазақстан аймағында жойылып бара жатқан осы түрдің толық хлоропласт геномының ерекшеліктері туралы, Illumina секвенирлеу технологиясын қолдана отырып жасалған жұмыс баяндалды. Зерттеу нәтижесінде *T. alberti* толық геномы жоғары деңгейде сақталғаны анықталды. Геном мөлшері 152 382 ж.н., құрамында 26 371 ж.н. болатын екі инверттерген қайталанулар (ИҚ) аймағы, 82 378 ж.н. құрайтын ұзын бір сатылы (ҰБС) аймақ және 17 259 ж.н. тұратын қысқа бір сатылы (ҚБС) аймақ бар. Жалпы ГЦ мөлшері 36,58%. Геномда 131 ген анықталды: 85-і ақуыз кодтаса, 38-і тРНҚ-ны және 8-і рРНҚ-ны кодтайды. 28 геннің интрон ұзындығы 540–2 620 ж.н. аралығында болды. Нуклеотидтердің әртүрлілігі ( $\pi$ ) 0,003257. Қарапайым тізбекті қайталануларды (ҚТҚ) талдауы бойынша, *T. alberti* геномында 159 ҚТҚ локустары табылды. Олар негізінен ҰБС аймағында (63,19%), ҚБС аймағында (18,39%) және ИҚ аймағында (14,37%) орналасқан. ҚТҚ-лардың алты санаты (моно-, ди-, три-, тетра-, пента-, гексануклеотид) анықталды. Ең полиморфты ақуыз-кодтайтын (КДТ) гендер *rpoC2*, *cemA*, *rbcL*, *rpl36*, *psbH*, *rps3*, *rpl22*, *ndhF*, *ycf1*, *matK* екендігі анықталды, олар жоғары тізбектік әртүрлілікке ( $T\Theta = 2,581 - 6,102$ ) және нуклеотидтердің әртүрлілігіне ( $\pi = 0,004 - 0,010$ ) ие. Салыстырмалы синонимдік кодондарды пайдалану (ССКП) талдауы артық және аз қолданылатын кодондарды анықтады. Альберт қызғалдағының хлоропласт геномын зерттеу сирек кездесетін түрдің генетикалық ресурстарын сақтау және эволюциялық, филогенетикалық ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды. Алайда, бүгінгі күнге дейін *Tulipa alberti* хлоропласт геномының толық секвенирленуі және кешенді биоинформатикалық талдауы туралы деректер жеткіліксіз. Бұл зерттеу Қазақстан флорасының биологиялық әртүрлілігін қорғауға және молекулалық деңгейде тиімді сақтау стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады.

**Кілт сөздер:** Альберт қызғалдағы (*Tulipa alberti*), хлоропласт геномы, қарапайым тізбекті қайталанулар (ҚТҚ), түйісу нүктесі, кодонды пайдалану үлгілері, полиморфты КДТ гендер

## КІРІСПЕ

Қызғалдақ (*Tulipa L.*) туысына шамамен 150 түр жатады, олар негізінен Азия, Еуропа және Солтүстік Африкада кеңінен таралған, ал Орта Азия бұл өсімдіктің әртүрлілік орталығы ретінде белгілі [1]. Орта Азияда *Tulipa* туысы 63 түрі кездеседі [2], оның 34-і Қазақстанда [3] таралған. Атап айтқанда, осы түрлердің 18-і Қызыл кітапқа енгізілген және мемлекет қорғауында [4]. Солардың ішінде шектеулі таралу аймағы мен қорғау мәртебесіне байланысты Альберт қызғалдағы (*Tulipa alberti* Regel) ерекше қызығушылық тудырады. *T. alberti* Халықаралық табиғат қорғау одағының (ХТҚО) қауіп-қатер төнген түрлердің Қызыл тізімінде «жойылу қаупі бар» түр ретінде тіркелген, бұл осы түрді сақтау шараларының маңыздылығын көрсетеді.

*Tulipa L.* туысы лалагүлділер (*Liliaceae*) тұқымдасына жатады, бұл тұқымдас дүние жүзі бойынша кеңінен таралған және шамамен 250 туыс пен 3500 түрді қамтиды [1]. *Tulipa L.* туысы *Lilioideae* кіші тұқымдасына және *Lilieae* трибасына кіреді, әрі төрт кіші туыстан тұрады: *Chusianae*, *Tulipa*, *Eriostemones* және *Orythia* [5]. Бұл туыстың түрлік әртүрлілігінің басты орталықтары ретінде Памир мен Гиндукуш таулары, сондай-ақ Қазақстан далалары саналады. Қызғалдақ туысының шамамен 150 түрі Азия, Еуропа және Солтүстік Африкада өсіп-өнеді және осы аймақтардың табиғи жағдайларына жақсы бейімделген [6].

Қызғалдақ – көктем мезгілінде, наурыз бен мамыр аралығында гүлдейтін көпжылдық өсімдік. Бұл гүлдердің түстері алуан түрлі - қызыл, қызғылт, сары және ақ, бірақ олардың ішінде жылы түстер басым. *Tulipa* туысына жататын 1257 үлгіге байланысты толық ақпарат Genesys дерекқорының онлайн платформасында, сондай-ақ жетекші генетикалық қор жинақтарында сақтаулы. Genesys базасындағы ең көп үлгілер Польшада тіркелген (636 үлгі), одан кейінгі орындарда Чехия (340), Украина (121), Ұлыбритания (72), Израиль (64), АҚШ (9), Ресей (7) және Армения (2) тұр [7]. Қызғалдақтардың ботаникалық сипаттамаларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін дереккөз ретінде Gardenia және Missouri Botanical Garden сайттары кеңінен қолданылады [8].

Альберт қызғалдағы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда кездеседі, ал Қазақстанда ол бірнеше өңірлерде таралған, атап айтқанда, Сырдария аймағындағы Қаратау тауларында, Шу, Іле аймағында, Бетпақдала шөлінің оңтүстігінде, Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс етегінде (Қазақстанның оңтүстігінде). Бұл гүлдің тарихи маңызы 1877 жылмен байланысты, сол кезде Эдуард Регель *T. alberti* гүлін Қаратау тауында оның ұлы Альберт Э. Регель жинаған үлгілер негізінде сипаттаған. Қаратау таулары негізінен Қазақстанның оңтүстік аймағында орналасқан, ал сол кезде жинақталған үлгілер Санкт-Петербург ботаникалық зерттеу институтының гербарийінде сақтаулы.

Морфологиялық жағынан *T. alberti* диаметрі 3-4 см-ге дейін жететін сопақша пиязшықтармен сипатталады, олар қатты, күңгірт, қызғылт-қоңыр түсті, ұзынша қабықтармен қапталған. Сабақтары берік, әдетте биіктігі 20 см шамасында болады, әр пиязшықтан 3-4 сызықша тәрізді, сұрғылт, толқынды, кең ланцет тәрізді, көгілдір-жасыл түсті, дақсыз жапырақтар шығады [9]. Гүлі түсінін алуан түрлілігімен ерекшеленеді - ашық сары және қызғылт түстерден бастап қанық қызыл және қызғылт-қызыл реңктерге дейін. Өсімдік көктемнің ортасында бір тостаған пішінді гүл шығарады, түсі қызыл реңкті қызғылт сарыдан қызғылт, қызыл, қою бургундқа дейін, кейде таза сары түрлері кездеседі. Сирек сары түрлерінің түбінде қызыл дақ болады. Гүлдері үш ішкі және үш сыртқы күлте жапырақшалардан тұрады; ішкі жапырақшалары әдетте доғал және ішке қарай иілген, ал сыртқылары сүйір және сыртқа қарай қайырылған. Сыртқы жапырақшалары шамамен 8 см ұзын және 6 см енді, түбінде лимон-сарыдан қою қызыл-қоңырға, қою күлгінге немесе қара түске дейінгі таңбалары болуы мүмкін. Жемісі ұзындығы 6 см-ге дейін, ені 2,5 см-ге дейін жетеді, гүлдену сәуір айының басынан мамыр айының бірінші онкүндігіне дейін жалғасады, ал жеміс беру мамыр-маусым айларында болады [3]. Тозаңқаптар шамамен 2,9 см ұзын, жіпшелері (1,4 см) сары түсті, тозаңқаптары ұзындығы жағынан ұқсас, әдетте қою күлгін, бірақ ашық түсті түрлерінде сары болады. Гүл сағағы тік, түкті, ұзындығы 15–20 см. Жатын ашық жасыл, цилиндр пішінді, ұзындығы шамамен 2,2 см және ені 0,7 см. Гүлдегеннен кейін ұзындығы 4,3 см және ені 2,5 см болатын жұмыртқа пішінді тұқым қауашығы түзіледі, ішінде ашық қоңыр, үшбұрышты, шамамен 0,6 × 0,5 см тұқымдар болады [10].

Цитологиялық тұрғыда, Альберт кызғалдағы және басқа да көптеген кызғалдақ түрлері диплоидты, хромосома саны  $2n = 2x = 24$ . Фитохимиялық зерттеулер пиязшықтардың этанолдық экстракттарында табиғи цитокинин-текес заттардың бар екенін анықтаған [11].

Хлоропласт - фотосинтез процесіне жауапты, өсімдіктер мен балдыр жасушаларында негізінен кездесетін қос мембранамен қоршалған маңызды органелла. Толық хлоропласт геномы дөңгелек немесе сызықтық пішінде болуы мүмкін. Оның ұзындығы әдетте 120 000–170 000 жұп негіз аралығында болады және екі инверторлық қайталанулар аймағынан (ИҚА және ИҚВ, әрқайсысы 20–28 kb), ұзын бір сатылы (ҰБС) аймақтан (80–90 kb) және қысқа бір сатылы (ҚБС) аймақтан (16–27 kb) тұрады [13]. Хлоропласт геномы, негізінен фотосинтез, транскрипция және трансляция процестеріне қатысатын 120–130 геннен тұрады [14, 15]. Жоғары өнімділікке ие секвенирлеу технологияларының дамуы хлоропласт геномдарын жылдам әрі үнемді секвенирлеуіне жол ашты. *Nicotiana tabacum* (темекі) [16] және *Marchantia polymorpha* (бауыршөп) [17] хлоропласт геномдарының толық тізбегі алғаш рет 1986 жылы жапондық ғалымдармен анықталған. Содан бері әртүрлі жоғары сатыдағы өсімдіктердің хлоропласт геномдарының құрылысы мен құрамына арналған көптеген зерттеулер мен шолулар жарық көрді [18-25]. Хлоропласт геномдары ядролық геномдарға қарағанда бірнеше артықшылықтарға ие, атап айтқанда, жасушада көп мөлшерде болуы, кіші геномдық өлшемі және гено-

мының гаплоидты табиғаты [21, 26]. Сонымен қатар, хлоропласт геномдары негізінен аналық жолмен тұқым қуалайды [27-29], алайда сирек жағдайларда бұдан ауытқулар байқалады [30, 31]. Мысалы, McCauley және т.б. *Silene vulgaris* түрінде хлоропласт ДНҚ-ның сирек аналық емес жолмен берілетінін анықтады. Бұдан басқа, хлоропласт геномдары геномдық құрылымы мен гендердің орналасу тәртібі жағынан жоғары деңгейде сақталған [21, 23, 26, 32]. Алайда, бұл тұрақтылыққа қарамастан, төрт аймақтың шекараларында айтарлықтай микроструктуралық өзгерістер байқалады. Осындай ерекшеліктер хлоропласт геномдарын ішкі және түр аралық сәйкестендіру, эволюциялық зерттеулер және филогенетикалық қатынастарды анықтауда бейтарап ДНҚ маркерлерінің құнды көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [26, 27, 33-36].

Әртүрлі таксон өкілдерінің хлоропласт геномының толық тізбегін талдау хлоропласт құрылымын, гендік ұйымдасуын, әртүрлілікті, генетикалық өзгерістерді, қайталанатын бейімделу эволюциясын және өсімдіктердің әртүрлі топтары арасындағы қатынастарды түсіну үшін аса маңызды [37-39]. Сонымен қатар, бұл зерттеулер пластидтер мен ядро арасындағы сигналдық бұзылыстарға ұшыраған мутанттарды сипаттау [40], пластома трансформациясы [41, 42], адам ауруларына қарсы хлоропласт негізінде әзірленген вакциналарды жасау [43, 44], биогеографиялық тарихты зерделеу [45], филогеографиялық құрылымды анықтау [46] және өсімдіктердің қазба қалдықтарынан ақпарат алу [47] сияқты күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

### Өсімдік материалы

Альберт кызғалдағының өсімдік материалдары 2022 жылдың мамыр айында Қаратау мемлекеттік табиғи қорығында ботаниктердің көмегімен жиналды. Үлгілерді жинауға рұқсат Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті тарапынан берілді (1 кесте).

### ДНҚ бөліп алу және секвенирлеу

*T. alberti* түрінің жас жапырақтары ДНҚ бөліп алынғанға дейін  $-80^{\circ}\text{C}$  температурада сақталды. ДНҚ Shi және т.б. (2012) сипаттаған әдіс бойынша бөлініп алынды [48]. Бөлінген ДНҚ-ның бүтіндігі, біртектілігі және тазалығы 1% агарозды гель электрофорезі арқылы тексерілді; электрофорез 120 В кернеуде 30 минут бойы жүргізілді. ДНҚ концентрациясы мен мөлшерлік талдауы NanoDrop™ 2000/2000c спектрофотометрлерінің (Thermo Fisher Scientific) көмегімен орындалды. ДНҚ кітапханаларын дайындау үшін Illumina® DNA Prep, (M) Tagmentation (96 үлгі) жиынтығы (Illumina, 20018705) қолданылды. Кітапханалар MiSeq секвенаторы арқылы MiSeq Reagent Kit v3 (600-cycle) (MS-102-3003) көмегімен секвенирленді. Барлық реагенттер мен протоколдар өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолданылды.

### Хлоропласт геномын жинақтау және аннотациялау

Өңделмеген деректерді жинақтау Geneious Prime 2024.0.4 бағдарламалық қамтамасыз етуі (<https://www.geneious.com>) арқылы жүргізілді. Геномның анно-

тациясы *T. altaica* түрінің хлоропласттық геномын (NC\_044780.1) сілтеме ретінде пайдалана отырып, MPI-MP CHLOROBOX GeSeq [49] құралымен орындалды, содан кейін қателер қолмен тексеріліп, түзетілді. Сонымен қатар, толық хлоропласт геномдарының шеңберлік сызбалары Chloe бағдарламасының [50] көмегімен бейнеленіп, Inkscare редакторында өңделді. Соңында, *T. alberti* толық хлоропласттық геномы NCBI Nucleotide дерекқорына жүктелді.

#### Хлоропласт геномы сипаттамаларын талдау

Альберт қызғалдағының толық хлоропласт геномының тізбектері BioEdit 7.7 бағдарламасы [51] арқылы тураланып, кейінгі талдаулар үшін пайдаланылды. MEGA 11 бағдарламасы кодондарды пайдалану жиілігі мен салыстырмалы синонимдік кодондарды пайдалану (ССКП) мәндерін есептеу үшін қолданылды. ССКП мәні 1.6-дан жоғары болса — артық ұсынылған кодондар, ал 0.6-дан төмен болса - жеткіліксіз ұсынылған кодондар деп есептелді [52].

Келесі қадамда шекаралық аймақтар IRscore онлайн бағдарламасының [53] көмегімен визуализацияланды. Барлық ген құрылымдары және түйісу нүктелеріне жақын салыстырмалы позициялары анықталды. Сонымен қатар, Krait V1.5.1 [54] бағдарламасы қарапайым тізбекті қайталануларды (ҚТҚ) анықтау және олардың орналасуын белгілеу үшін пайдаланылды. Геномнан анықталған ҚТҚ тізбектері ұзындығына байланысты он топқа бөлінді (әр топ 10 ж.н. интервалмен): 10–20, 21–30, 31–40, 41–50, 51–60, 61–70, 71–80, 81–90, >91 [55]. Кодтаушы ДНҚ тізбегі (КДТ) және интрондар ішіндегі ҚТҚ-ға бай аймақтар

бар гендер таңдалып, *T. alberti* геномындағы әртүрлілік «ыстық нүктелерін» анықтау үшін талданды. Нуклеотидтік әртүрлілік мәні (Pi) DnaSP v5.10 бағдарламасы [56] арқылы есептелді.

#### КДТ гендеріндегі және интергендік аймақтардағы тізбектік әртүрліліктің hotspot нүктелерін сипаттау

Ұзындығы 150 ж.н.-тен асатын әрбір КДТ және интергендік аймақтың тізбектері NCBI GenBank-тің нуклеотидтік BLAST бағдарламасы (<https://blast.ncbi.nlm.nih.gov/Blast.cgi>) арқылы талданды. BLAST параметрлері келесідей болды: сәйкестік пайызы = 99–100%, сұраныс қамтылуы = 99–100%, және организм (міндетті емес) ретінде *Tulipa* (taxid:13305) таңдалды. Әрбір КДТ пен интергендік аймақтардағы тізбектік әртүрлілік (ТӘ) DnaSP v5.10.1 бағдарламасы көмегімен талданды. Әр тізбек үшін мутация саны, indel (енгізу және жою) оқиғалары, сақталған нуклеотидтер саны және нуклеотидтік әртүрлілік мәні DnaSP арқылы есептелді. Тізбектік әртүрлілік ТӘ келесі формула бойынша есептелді:  $T\bar{A} = (\text{нуклеотидтік мутациялар саны} + \text{indel оқиғалары саны}) / (\text{сақталған аймақтар саны} + \text{нуклеотидтік мутациялар саны} + \text{indel оқиғалары саны}) \times 100\%$ . ТӘ көрсеткіші геномдағы тізбектік өзгергіштік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және жоғары айнымалы аймақтарды анықтау арқылы филогенетикалық талдау мен молекулалық маркерлерді таңдауда маңызды болып табылады.

#### SNP негізіндегі филогенетикалық талдау

Альберт қызғалдағының толық хлоропласттық геном тізбектері мен бұрын NCBI базасында жарияланған толық хлоропласттық геномдар *Tulipa* туыстары арасындағы

Кесте 1. Альберт қызғалдағының шыққан тегі туралы толық мәліметтері мен геномдық ерекшеліктері

Ақпарат және геном сипаттамасы	<i>T. alberti</i>
GenBank тіркеу номері	OR458821
Координата	43°38'16" N, 68°37'46" E
Биіктік (м)	710
Дереккөз	Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы
Жиналған уақыты	16.05.2022
Геном өлшемі (ж.н.)	152,382
ҚБС (ж.н.)	17,259 (1–17,259)
ИҚ А (ж.н.)	26,371 (17,260–43,631)
ҰБС (ж.н.)	82,378 (43,632–126,010)
ИҚ В (ж.н.)	26,371 (126,011–152,382)
Жалпы гендер саны	131
Белок кодтайтын гендер	85
tРНК	38
рРНК	8
А үлесі (%)	32,08
Т үлесі (%)	31,35
Ц үлесі (%)	18,13
Г үлесі (%)	18,45
ГЦ жалпы үлесі (%)	36,58
ҚБС аймағындағы ГЦ үлесі (%)	29,85
ИҚ аймағындағы ГЦ үлесі (%)	42,02
ҰБС аймағындағы ГЦ үлесі (%)	34,5

**Аббревиатуралар және олардың толық атаулары мен аудармасы**

ИҚ	– инвертелген қайталанулар	IR	– inverted repeat
ж.н.	– жұп нуклеотид	bp	– base pair
ҚБС	– қысқа бір сатылы аймақ	SSC	– small single copy region
КДТ	– кодтаушы ДНҚ тізбегі	CDS	– coding DNA sequence
ҚТҚ	– қарапайым тізбекті қайталанулар	SSR	– simple sequence repeat
ССКП	– салыстырмалы синонимдік кодондарды пайдалану	RSCU	– relative synonymous codon usage
ТӘ	– тізбектік әртүрлілік	SV	– structural variation
ҰБС	– ұзын бір сатылы аймақ	LSC	– large single copy region
ХТҚО	– халықаралық табиғат қорғау одағы	IUCN	– international union for conservation of nature


филогенетикалық байланыстарды анықтау үшін пайдаланылды. SNP-тер *T. altaica* (NC\_044780) референстік геномына сәйкестендірілген оқылымдарды салыстыру арқылы BioNumerics бағдарламасында анықталды. Филогенетикалық ағаш MEGA 11 бағдарламасында Максималды ықтималдық (Maximum Likelihood) әдісі және Kimura 2-параметрлік моделі арқылы жасалынды. Bootstrap мәні ретінде 500 қайталау қолданылды. *Smilax China* өсімдігінің толық хлоропласт геномы (қол жеткізу нөмірі: HM\_536959) сыртқы топ (outgroup) ретінде пайдаланылды.

мында ИҚ А және В аймақтар жұбының ұзындығы 26 371 ж.н., ҚБС аймағының ұзындығы 17 259 ж.н. болса, және ҰБС аймағының ұзындығы 82 378 ж.н. болды. Толық геном бойынша ГЦ үлесі 36,58% құрады, ҚБС аймақтарындағы ГЦ үлесі 29,85% және ҰБС аймақтарындағы ГЦ үлесі 34,5% ал ИҚ аймақтарында ГЦ үлесі жоғары болып, 42,02%-ға дейін жетті (Сурет 1; Кесте 1). Жалпы 151 478 нуклеотид жұбы талданды, нәтижесінде хлоропласт геномында 99,64% бірдей жұптар, 0,19% транзициялық жұптар және 0,17% трансверсиялық жұптар анықталды. Tajima бейтараптық тестінің нәтижесі бойынша нуклеотидтердің әртүрлілік мәні ( $\pi$ ) 0,003257 болды. Түсіндірмесі жасалған геном тізбектері *T. alberti* (қол жеткізу нөмірі OR458821.1) үшін NCBI дерекқорында қолжетімді. Геном сипаттамаларына қатысты толық мәліметтер Кесте 1-де берілген.

**НӘТИЖЕЛЕР**

**Альберт қызғалдағының хлоропласт геномының құрылымы мен құрамының сипаттамалары**

Альберт қызғалдағының толық хлоропласт геномы (152 382 ж.н.) талданды. Хлоропласт геномының құрылы-



Сурет 1 – *T. alberti* хлоропласт геномының картасы

Кесте 2. Альберт қызғалдағы толық хлоропласт геномындағы гендердің тізімі

Ген санаты	Ген топтары	Ген атаулары
Өзін-өзі көшіру	тасымалдаушы РНҚ (тРНҚ)	<i>trnA-UGC, trnC-GCA, trnD-GUC, trnE-UUC, trnF-GAA, trnM-CAU, trnG-GCC, trnG-UCC, trnH-GUG*, trnI-CAU*, trnI-GAU*, trnK-UUU, trnL-CAA*, trnL-UAA, trnL-UAG, trnM-CAU, trnN-GUU*, trnP-UGG, trnQ-UUG, trnR-ACG*, trnR-UCU, trnS-GCU, trnS-GGA, trnS-UGA, trnT-GGU, trnT-UGU, trnV-GAC*, trnV-UAC, trnW-CCA, trnY-GUA</i>
	рибосомалық РНҚ (рРНҚ)	<i>rrn4.5*, rrn5*, rrn16*, rrn23*</i>
	РНҚ полимераза	<i>rpoA, rpoB, rpoC1, rpoC2</i>
	рибосомалық ақуыздың кіші суббірлігі (КСБ)	<i>rps2, rps3, rps4, rps7*, rps8, rps11, rps12A, rps12B*, rps14, rps15, rps16, rps18, rps19</i>
	рибосомалық ақуыздың үлкен суббірлігі (ҮСБ)	<i>rpl2*, rpl14, rpl16, rpl20, rpl22, rpl23*, rpl32, rpl33, rpl36</i>
Фотосинтез гендері	НАДН-дегидрогеназа суббірліктері	<i>ndhA, ndhB*, ndhC, ndhD, ndhE, ndhF, ndhG, ndhH, ndhI, ndhJ, ndhK</i>
	фотожүйе I суббірліктері	<i>psaA, psaB, psaC, psaI, psaJ</i>
	фотожүйе II суббірліктері	<i>psbA, psbB, psbC, psbD, psbE, psbF, psbH, psbI, psbJ, psbK, psbL, psbM, psbT, psbZ</i>
	фотожүйе I жинақтау факторы	<i>psfI (бұрынғы ycf3), psfII (бұрынғы ycf4)</i>
	цитохром b/f кешенінің суббірліктері	<i>petA, petB, petD, petG, petL, petN</i>
	АТФ-синтаза суббірліктері	<i>atpA, atpB, atpE, atpF, atpH, atpI</i>
	rubisco үлкен суббірліктері	<i>rbcL</i>
Басқа гендер	протеаза	<i>clpP1</i>
	матураза	<i>matK</i>
	ацетил-КоА-карбоксилаза суббірлігі	<i>accD</i>
	мембрана қабықшасының ақуызы	<i>cemA</i>
	с-типті цитохром синтезі гені	<i>ccsA</i>
Белгісіз функциялы гендер мен псевдогендер	гипотетикалық хлоропластық оқу рамалары	<i>ycf1</i> және <i>ycf2</i> , <i>ycf15</i> және <i>ycf68</i> псевдогендер

Кесте 3. Альберт қызғалдағының толық хлоропласт геномындағы интронды аймақтары бар гендердегі интрондардың ұзындықтары


Интрондар	ndhA	trnA-UGC-2	trnI-GAU-2	rps12B	rps12B	ndhB	rpl2	rpl16	petD	petB	clpP1	clpP1
<b>T. alberti</b>	1011	795	930	859	540	692	651	744	779	806	817	597

Альберт қызғалдағында барлығы 131 функционалды ген анықталды, оның ішінде 85 ақуыз кодтайтын ген аннотацияланды (Кесте 1). Хлоропластық геномда 38 тРНҚ және 8 рРНҚ гендері анықталды. Сонымен қатар, ИҚ аймақтарында орналасқан 18 қайталанатын гендер анықталды, олардың ішінде алты кодтайтын гендер (*ndhB, rpl2, rpl23, rps7, rps12B* және *ycf2*), төрт РНҚ гені (*rrn4.5, rrn5, rrn16, rrn23*) және сегіз тРНҚ гендері (*trnA-UGC, trnH-GUG, trnI-CAU, trnI-GAU, trnL-CAA, trnN-GUU, trnR-ACG* және *trnV-GAC*) бар. *ycf1* және *ycf2* гендері табылды, ал *ycf15* және *ycf68* гендері псевдоген болып шықты (Ке-

сте 2). 28 геннің интрон ұзындықтары 540 ж.н.–2620 ж.н. болды (Кесте 3). *matK* гені геномда *trnK* генінің интрон-ында орналасқаны анықталды.

**Альберт қызғалдағының хлоропласт геномының ҰБС, ИҚ, және ҚБС аймақтарының түйісу нүктелерін салыстыру**

Хлоропласт геномы ИК/БС шекара аймақтары бір туысқа жататын жақын түрлермен (*Orithyia* қосалқы туысынан *T. sinkiangensis* пен *T. uniflora*, *Eriostemones* қосалқы туысынан *T. sylvestris*, және *Tulipa* қосалқы туысынан *T. altaica* мен *T. schrenkii*) салыстырылды (3-сурет).




Сурет 2 – Алты *Tulipa* түрлері арасындағы ҚБС, ИҚ және ҰБС түйісу нүктелерін салыстыру. JSA – ҚБС пен ИҚА түйісу нүктесі; JLA – ҰБС пен ИҚА түйісу нүктесі; JLB – ҰБС пен ИҚВ түйісу нүктесі; JSB – ҚБС пен ИҚВ түйісу нүктесі.

Жалпы алғанда, зерттелген алты *Tulipa* түрлерінің пластид геном аймақтарының ұзындықтары, сондай-ақ гендердің саны мен орналасу реті сақталғаны анықталды.

ҚБС аймақтарында *T. alberti*-де басқа түрлермен салыстырғанда бірдей гаплотип байқалды, бұл шамамен бірдей мөлшердегі жұп негіздердің, гендер санының және бағдарлардың сақталуына әкелді. *ycf1* гені осы түрлердің ИҚА және ҚБС аймақтарының шекаралық аймағында орналасқан, ал *ndhF* гені ҚБС және ИҚВ аймақтарының шекаралық аймағында табылды (1, 2 – суреттер)

Альберт қызғалдағының ҰБС аймағында бірдей гаплотип анықталды, шамамен бірдей мөлшердегі жұп негіздер, гендер саны және бағдарлар сақталған. *rps19* гені осы түрдің ҰБС және ИҚА аймақтарының шекаралық аймағында орналасқан, ол геномда 43 398 ж.н.-тен 43 805 ж.н.-ке дейінгі аралықта болды. *psbA* гені ИҚВ және ҰБС аймақтарының шекаралық аймағында орналасқан, ол геномда 124 484 ж.н.-тен 125 842 ж.н.-ке дейінгі аралықта болды (2, 3-суреттер).



Сурет 3 - *T. alberti* толық хлоропласт геномында анықталған ҚТҚ мотивтерінің (моно-, ди-, три-, тетра-, пента- және гекса-) түрлері мен саны. А) ҚБС, ИҚА, ҰБС және ИҚВ аймақтарында анықталған ҚТҚ мотивтерінің жиілігі; Ә) Анықталған ҚТҚ мотивтерінің түрі мен саны (моно-, ди-, три-, тетра-, пента- және құрама). Б) Әр хлоропласт геномындағы моно-, ди-, три-, тетра- және пента-ҚТҚ мотивтерінің пайыздық үлесі.

### Қарапайым тізбекті қайталану үлгісі мен вариациясын талдау

*T. alberti*-де ҚТҚ локустарының жалпы саны 159, ҚТҚ хлоропласт геномында таралған, бір бірлігі 10–20 жұп негізден тұратын тізбекті қайталанулар, одан кейін 21–30 ж.н. және 31–40 ж.н. ұзындықтағы қайталанулар орналасқан. Салыстырмалы геномдық талдау арқылы ҰБС аймағында көп мөлшерде ҚТҚ табылды, олардың үлесі 63,19% одан кейін ҚБС аймағы – 18,39% және ИҚ аймағы 17,72% болды. Зерттелген *T. alberti* хлоропласт геномында ҚТҚ-дің 59 түрі және алты категориясы (моно-, ди-, три-, тетра-, пента-, және гексануклеотидтік қайталанулар) анықталды. Мотив түрлерінің таралуы: 57 моно-, 37 ди-, 51 три-, 7 тетра-, 1 пента- және 3 гекса-ҚТҚ. Кездесу жиілігі моно үшін – 35,85%, ди үшін – 23,9%, три үшін – 33,33%, тетра үшін – 5,03%, пента үшін – 0,63% және гекса үшін – 1,26% болды (3-сурет).


### Альберт қызғалдағы геномындағы ҚТҚ-лардың негізгі түрлері

Екі түрлі мономерлерді, алты түрлі динуклеотидтерді және он сегіз түрлі тринуклеотидтерді қоса алғанда, ҚТҚ-лардың жиырма түрі *T. alberti* хлоропласт геномында табылды. Т және А нуклеотидтері ең көп таралған мотивтер ретінде анықталды, олар сәйкесінше *T. alberti* хлоропласт геномындағы барлық ҚТҚ мотивтерінің 35,22%-ын құрады. Динуклеотидтік ҚТҚ-лардың негізгі түрлері АТ және ТА болып табылады, содан кейін ТЦ, ЦТ, ГА және АГ түрлері келеді. Ең көп таралған триплек мотивтер ААТ, ТАА, ТТА, ТАТ, ТТЦ, ГТТ, ГАА, ЦТТ, АТТ, АТА, ТСА, АГА, ААГ, ТГА, ГГТ, АТГ, АЦЦ және ААЦ болды. Сондай-ақ, *T. alberti* геномында С типті мономерлер, ТГЦ типті триплет мотивтер, ТТАТ және ТТТА типті тетра-нуклеотидтік қайталанулар кездесті.

*T. alberti* геномында ТЦТ типті три-мотив, ЦАА типті три-мотив табылды. Тетрануклеотидтік қайталанулар, оның ішінде ААТА, ААТТ, ЦАТТ, ТЦТА және ТТЦТ, *T. alberti* геномында таралған. Бар болғаны екі типті гексануклеотидтік қайталанулар табылды, олардың ішінде ТТТГТТ және АААЦАА.

### Генералық, ақуыз кодтайтын гендік тізбектерде (КДТ), интрондық және тРНҚ аймақтарындағы ҚТҚ

Геномның генералық аймақтарында ҚТҚ тығыздығы ең жоғары болды, ол 84-тен 102-ге дейін ауытқыды, одан



Сурет 4 - *T. alberti* геномының әртүрлі аймақтарындағы ҚТҚ қайталану ұзындығы мен таралуы. КДТ гендері мен генералық аймақтардағы тізбектің өзгергіштік hotspot нүктелерінің сипаттамасы


кейін КДТ (38–64), интрондар (16–22) және тРНҚ (1–3) аймақтары орналасты (Сурет 4).

Біз жалпы 10 КДТ генінде айқын полиморфты ҚТҚ бар екенін анықтадық, олардың тізбектік өзгергіштігі (ТӨ) 2,581-ден 6,102-ге дейін, ал осы локустардың нуклеотидтік әртүрлілігі (Pi) 0,004-тен 0,010-ға дейін болды. Оларға *rpoC2*, *cemA*, *rbcl*, *rpl36*, *psbH*, *rps3*, *rpl22*, *ndhF*, *ycf1* және *matK* жатады (5-сурет).


Барлық ұзындығы 150 ж.н.-тан асатын генералық аймақтар үшін жоғары тізбектік әртүрлілік (ТӨ) 4,848-ден 11,862-ге дейін және нуклеотидтік әртүрлілігі (Pi) 0,01599-дан 0,01839-ға дейін болатын жиырма бір аймақ анықталды. Оларға *ndhF\_rpl32*, *trnR-UCU\_trnG-UCC*, *trnY-GUA\_trnD-GUC*, *trnT-GGU\_trnE-UUC*, *rpoA\_petD*, *rps15\_ycf1*, *psbI\_psbK*, *trnF-GAA\_trnL-UAA*, *psbB\_clpP1*, *trnM-CAU\_trnG-GCC*, *ndhE-ndhG*, *psaJ\_trnP-UGG*, *rps8\_rpl36*, *pafII\_psaI*, *rpl14\_rps8*, *ndhG-ndhI*, *trnQ-UUG\_rps16*, *cemA\_pafII*, *petL\_psbE*, *rpl32\_trnI-UAG* және *rpl33\_psaI* жатады.

### Кодонды пайдалану үлгілері

Альберт қызғалдағы геномында үшінші позициядағы ең көп таралған нуклеотидтер Т (36,065%), одан кейін А (31,065%), Г (17,02%) және Ц (15,85%) болды. Жалпы ортақ жиырма бір жоғары жиілікті (HF) кодон (ССКП>1) анықталды (6-сурет). Тек бір ғана кодон (АГА) жоғары



Сурет 5 - *T. alberti* геномының КДТ құрамындағы 20 аминқышқылы мен стоп-кодондардың кодон құрамы. Гистограмма түсі кодондардың түсіне сәйкес келеді.



Кесте 4. Альберт қызғалдағы геномындағы 20 аминқышқылының кодондық құрамының саны мен ССКП мәні

Аминқышқылы	Кодон	Саны	ССКП	Аминқышқылы	Кодон	Саны	ССКП	
Аланин	ГЦТ	176	1,15	Серин	ТЦТ	502	1,22	
	ГЦЦ	113	0,74		ТЦЦ	357	0,87	
	ГЦА	213	1,39		ТЦА	612	1,19	
	ГЦГ	111	0,72		ТЦГ	334	0,81	
Аргинин	ЦГТ	135	0,47		АГТ	349	0,85	
	ЦГЦ	117	0,4		АГЦ	307	0,75	
	ЦГА	242	0,84		Пролин	ЦЦТ	213	1,01
	ЦГГ	227	0,78			ЦЦЦ	163	0,77
	АГА	632	2,18	ЦЦА		296	1,4	
	АГГ	385	1,33	ЦЦГ		175	0,83	
Асапарагин	ААТ	792	1,33	Треонин	АЦТ	264	0,95	
	ААЦ	402	0,67		АЦЦ	246	0,88	
Аспарагин қышқылы	ГАТ	420	1,35		АЦА	401	1,44	
	ГАЦ	202	0,65		АЦГ	206	0,74	
Фенилаланин	ТТТ	1067	1,23	Тирозин	ТАТ	828	1,32	
	ТТЦ	675	0,77		ТАЦ	422	0,68	
Лейцин	ТТА	610	1,45	Гистидин	ЦАТ	360	1,31	
	ТТГ	551	1,31		ЦАЦ	191	0,69	
	ЦТТ	520	1,24	Глутамин	ЦАА	514	1,35	
	ЦТЦ	249	0,59		ЦАГ	247	0,65	
	ЦТА	342	0,81	Лизин	ААА	988	1,31	
	ЦТГ	247	0,59		ААГ	525	0,69	
Изолейцин	АТТ	850	1,2	Глутамин қышқылы	ГАА	553	1,31	
	АТЦ	584	0,82		ГАГ	290	0,69	
	АТА	694	0,98	Цистеин	ТГТ	394	1,21	
Метионин	АТГ	485	1		ТГЦ	391	1	
Валин	ГТТ	408	1,45	Триптофан	ТГГ	559	1	
	ГТЦ	222	0,79	Глицин	ГГТ	226	0,73	
	ГТА	304	1,08		ГГЦ	227	0,73	
	ГТГ	191	0,68		ГГА	434	1,4	
			ГГГ		355	1,14		

артық ұсынылған кодон (ССКП>1,6) ретінде кездесті. Бес төмен ұсынылған кодон (ССКП<0,6) – АГЦ, ЦГЦ, ЦГТ, ЦТЦ және ЦТГ анықталды. Кодонды пайдалану талдауына сәйкес, аминқышқылдар деңгейінде лейцин ең көп таралған аминқышқыл болды, орташа көрсеткіші - 11,51%. Метионин ең сирек кездесті. Жалпы ССКП мәндерінің нәтижелері кесте 4-те көрсетілген.

## ТАЛҚЫЛАУ

### Альберт қызғалдағы хлоропласт геномының құрылымдық және мазмұндық сипаттамалары

Осы зерттеуде ұсынылған нәтижелер Альберт қызғалдағының хлоропласт геномын жан-жақты талдауды қамтамасыз етеді. Бұл геном жұп ИҚ, ҚБС және ҰБС аймақтарын қамтитын типтік құрылымдық ерекшеліктерге ие болып, ұзындығы 152 382 ж.н. құрады. *Liliaceae* тұқымдасының барлық түрлерінде хлоропласт геномы-

ның өлшемдерінің біркелкілігі бұрынғы зерттеулерде де байқалған [57-59]. Хлоропласт геномының ГЦ мөлшері *T. alberti* үшін 36,58% болады. Айта кетерлігі, ИҚ аймақтарындағы ГЦ мөлшері ҚБС және ҰБС аймақтарымен салыстырғанда жоғары болды. Бұл құбылыс басқа өсімдік түрлерінде де байқалған [60-62] және ИҚ аймақтарының функционалдық маңыздылығы мен құрылымдық шектеулеріне байланысты деп есептеледі. Нуклеотид жұптарының жиілігін талдау бірдей, транзиция және трансверсия жұптарының таралуын көрсетті. Осы анықталған құрылымдық ерекшеліктер *T. alberti* түрінің басқа *Tulipa* өкілдерімен геномдық деңгейдегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ИҚ аймақтарының шекараларындағы өзгерістер мен гендердің орналасу ерекшеліктері түрлер арасындағы эволюциялық дивергенцияны көрсететін маңызды белгілер болып табылады. Сонымен қатар, бұл сипаттама-

лар *Tulipa* туысының филогенетикалық байланыстарын нақтылауға және таксономиялық жіктелуін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы зерттеуде гендердің салыстырмалы реті мен бағытталуына негізделі отырып, ҚБС және ҰБС аймақтарында бірдей гаплотиптер анықталды. *T. alberti* аймақтарында инверсиялық құбылыстар тіркелмеді. Алайда, ҚБС аймақтарындағы инверсиялық оқиғалар алғаш рет *Gossypium barbadense* [63], *Phoenix dactylifera* [64], *Artemisia frigida* [65], *Lasthenia burkei* [66] және әртүрлі *Asteraceae* түрлерінің [67] хлоропласт геномдарында тіркелген. Бірқатар зерттеулерде бұл құбылыстар ескерусіз қалғанына қарамастан, Walker және басқалары 2015 жылы *American Journal of Botany*-де жарияланған еңбегінде хлоропласт геномдарының ҚБС аймағындағы инверсиялық өзгерістердің көздерін талқылады [68]. Гүлді өсімдіктердің, гимноспермдердің және птеридофиттердің 19 қатарына жататын 61 құрлық өсімдік түрінде үш құрылымдық гаплотип тіркелді. ҚБС аймағының бағытталуындағы табиғи алуан түрлілік *Malvaceae* тұқымдасында анықталған [69]. Гендердің салыстырмалы ретін пайдалана отырып, Liang және басқалары (2022) жабайы күріштің хлоропласт геномында ҚБС аймағының ауысуын анықтады [70]. ҰБС аймақтарындағы инверсиялық оқиғалар көптеген өсімдік зерттеулерінде де тіркелген. Сонымен қатар, қысқа инвертелген қайталану реттіліктерінде flip-фlop рекомбинациясының болуы дәлелденген, бұл темекінің ҰБС аймағындағы 70 kb сегменттің бағытымен ерекшеленетін трансформирленген пластид геномының әртүрлі изоформаларын тудырады [71]. Жабайы күріштің ҰБС аймағында құрылымдық инверсия орын алып, 36 геннің бағытының керісінше орналасуына әкелді [70]. *accD* және *rps16* гендері арасындағы ҰБС аймағында 54 kb инверсия орналасқан, бұл *Oenothera elata* хлоропласт геномындағы ең айқын айырмашылық болып табылады [72]. Үш инверсия (Inversion I, *rps4*; Inversion II, *trnH-GUG/rps16*; және Inversion III, *trnS-GCU/trnS-GGA*) *Anemoclema*, *Anemone* және *Pulsatilla* түрлерінде анықталды [73]. Жалпы ұзындығы 44.8 kb болатын 35 гендік инверсия, оның ішінде 21 ақуыз-кодтайтын ген және *trnT-UGU* мен *rps16* гендері арасындағы 14 тРНҚ, *Adonis mongolica* хлоропласт геномында тіркелген [74].

Ibrahim және т.б. (2006) ҚБС және ҰБС аймақтарының ИҚ аймақтарына қарағанда жылдамдық әртүрленуін олардың интрондары мен интергендік аймақтарындағы айырмашылықтармен түсіндіруге болады деп ұсынды. Алайда Liang және т.б. (2022) бұл құбылысты ашытқы геномындағы жұптасу типі (МАТ) аймағымен салыстырып түсіндіріп, ҚБС ауысуы, МАТ ауысуы немесе тіпті транспозон-тәрізді элементтер ортақ механизмдерді бөлісуі мүмкін екенін айтты. Барлық зерттеулер бұл құбылысты түсіндіруге тырысып, оны көбінесе молекулаішілік рекомбинация оқиғасының нәтижесімен байланыстырды [63, 65, 68].

**КДТ гендер және интергендік аймақтар Альберт қызғалдағын анықтау үшін жаңа хлоропласт маркерлері ретінде қолданылуы мүмкін**

Алдыңғы зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, бір тұқымдасқа жататын түрлердің хлоропласт геномдық тізбектерін салыстырмалы талдау ТӘ-гін және нуклеотид өзгергіштігін анықтауға, кейіннен генетикалық немесе

филогенетикалық зерттеулерде қолданылатын жоғары өзгергіш гендер мен интергендік аймақтарды генетикалық маркерлер ретінде белгілеуге мүмкіндік береді [57, 69, 75-76]. Осы зерттеуде *T. alberti* NCBI деректер базасындағы түрлер бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде *Liliaceae* тұқымдасында болашақ филогенетикалық талдау мен түрлерді анықтау зерттеулерінде молекулалық маркерлер ретінде пайдалануға болатын нуклеотидтердің жоғары өзгергіштігі және тізбек әртүрлілігін бар он ген және жиырма бір интергендік аймақ анықталды.

